

Кімге: Шымкент қаласы полиция департаментінің бастығы  
Алмасбеков Нұрлан Сейсетайұлына

Кімнен: Шымкент қаласының цифрландыру басқармасының цифрлық  
трансформация бөлімінің бас маманы Елеусіз Асқат Әбубәкірұлынан

Орындау күні: 04.10.2024

## АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

**Тақырыбы:** Жастар арасындағы нашақорлықтың алдын алу.

**Кіріспе.** Нашақорлық есірткі заттарға патологиялық дағдыланудың нәтижесінде пайда болатын созылмалы ауру. Нашақорлық бүкіл қоғамның қасіреті, болашағымызға қауіп төндіріп тұрған індет. Адам өміріне аса қауіптілігін ұғындыра отырып, алдын алу, саналы да салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.

**Негізгі бөлім.** Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында синтетикалық есірткі тұтынатындардың көбеюі ұлт саулығына зор қауіп төндіріп отырғанын, соған байланысты синтетикалық есірткіні өндіруге және таратуға қарсы күрес жалпыұлттық деңгейде жүргізілуі тиіс екенін атап көрсетіп, нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресу жұмыстарын жандандыруды тапсырған болатын. Бұл тапсырманы еліміздің үшінші қаласы Шымкент тұрақты түрде қолға алынып, халыққа түсіндіру жұмыстарын жандандыруды қолға алған. Бабаларымыз «Аурудың алдын ал, жаудың алдын ал, қайта көтерілген даудың алдын ал» деген екен. Ғасыр дерті не айналған есірткі және оны тұтынудан аулақ болу, кеселдің алдын алу қажеттілігі бүгінде күн тәртібіндегі ең басты мәселенің бірі болып келеді. Есірткі жербетін әбден жайлапалды. Кез келген мемлекеттің алдында нашақорлыққа күрес ашық жарияланып отыр. Қазақтың тегінде болмаған есірткі қазіргі таңда есіріп кеткен.

Сарапшылардың пікірінше, біздің еліміз тіпті есірткі саудасының жол торабына айналған. Жыл сайын есірткі мен күрес шараларына бөлінетін қаржының көбеюіне қарамастан нашақорлар саны күннен күнге өсіп келеді. Қазір Қазақстанда ресми мәлімет бойынша **54** мыңға жуық нашақор тіркеуде тұр. Бұл бір нешерет көзге түсіп тіркелгендері. Тіркелмегендерінің қанша екені әзірге белгісіз. Республикамызда нашақорларды емдейтін **9** орын бар екен. Мамандар нашақорлыққа бас ұрған адамдарға арнайы тексеру жұмыстарын жүргізген. Нәтижесінде нашақорлардың **60** пайызы **30 жасқа** дейінгі жастар мен әйел адамдар екені анықталған. Есірткі таратуға қарсы қылмыстық жаза күшейтілсе де, нашақорлардың саны азаяр емес.

Дүниежүзі елдерін жайлап, күн сайын тамырын тереңге жайып, асқынып бара жатқан нашақорлықтың мұншалықты етек алуы неден деген сұраққа жауап іздеп көрейікші. **Менің ойымша, оның басты себебі-** еліктеушілік, отбасындағы тәрбиенің тізгіннен кетуі, немесе

жанкүйзелісі, жоқшылық, қымбатшылық, жұмыссыздық болуы да мүмкін. Кейінгі есірткілік заттарды қолданатындардың басым көпшілігі – мектеп жасындағы бойжеткендер мен бозбалалар. Оның себептері әртүрлі. **Біріншіден**, олар өз-өздеріне есеп беріп жатпайды. Өмірдің не екенін әлі жете түсінбейді. **Екіншіден**, бұл жаста әр нәрсеге еліктегіш, тез бейімделгіш келеді. Осы мінезден болашағына емес, бір күндік рақат-ләззатқа, қызыққа еліктеп «шоқ басқанын» өзі де білмей қалады. Нашақорлық ұлт таңдамайды. Есірткіге құмарлық өмір бойы сақталуы мүмкін. Тек санаулылары ғана есірткіге тәуелділікті жеңе алады.



Сурет 1 – Нашақорлыққа жол жоқ

Ескертпе: <https://www.jsk.kz>

Есірткілерді тұтыну психикалық және тәндік тәуелділікке, адам тұлғасының кейде азғындалуға дейін өзгеруіне, денсаулығының нашарлауына (ауруларға және асқынуларға) әкеліп соғады және өміріне қауіп төндіреді.[1]

Есірткілердің көптеген түрлері бар. Атап айтқанда:

**Токсикомания** – булармен, газдармен демалу. Токсикоманияның кейбір формалары ароматтық және басқа да заттар, мысалы тұрмыста қолданылатын ацетон, бензол арқылы таралады. Бұл ерітінділер, тазартқыштар, синтетикалық желімдер, никробояулар, дақтарды кетіретін сұйықтықтар және т.б. Үйде негізінен дезодорант-спрей, шашқа арналған лак, жиһазды тазартуға арналған сұйықтық, тырнаққа арналған лак, бензин және т.с.с.

Токсикоманияның әсерінен бұлшық ет аурулары, жүріс-тұрыс бәсеңдеуі, салмақ жоғалту, бауыр мен бүйрек қызметінің бұзылуы, бас миының және жүйке жүйесінің бұзылуы, еске сақтау, ойлау қабілеттерінің

әлсіреуі сияқты ауруларға, ал әрі қарай Асфиксияға (дем алудың қиындауы), естен тануға, комаға және кенеттен қайтыс болуға әкеліп соғады.

**Марихуана** – кептірілген, ұсақ туралған жапырақтың, тұқымдар мен жасыл, қоңыр немесе сұр түсті сора гүлдерінің қосындысы. Көптеген елдерде, оның ішінде Қазақстанда көп таралған заңсыз есірткі.

Марихуананың ықпалындағы адамның басы айналады, жүрісі бұзылады, үнемі күле береді және есте сақтау қабілеті төмендейді.

Марихуананы шегуді кейбіреулер денсаулыққа зиян емес деп санайды. Алайда, ол денсаулыққа үлкен зиян келтіреді.

**Героин** - ең алдымен опий пайда болды, содан кейін одан морфин алынды, одан героин шығарылды. Героин өзінің есірткілік белсенділігімен морфиннен әлдеқайда асып түседі. Ол қыздырғаннан кейін тамырға егіледі, шегіледі, онымен демалады. Нашақорлардың түн ұйқылары бұзылады, артериалдық қан қысымы төмендейді, ине салу нәтижесінен тамырлары тесіледі, бауыры мен бүйректері ауырады, организмі дене және психологиялық жағынан әлсірейді, гепатит пен СПИД-ке шалдығады, ақырында өлімге әкеп соғады.

**Кокаин** – коки өсімдігінен шығарылған, негізінен ақ ұнтақ тәріздес есірткі. Кокаин ұнтағын ұсақтап мұрын арқылы тартады немесе тамырға енгізу үшін езеді. Кокаинді тек бай адамдар қолдана алады, себебі оны сатып алу үшін аптасына мың доллардан астам ақша жұмсалады. Оған тез үйреніп кетуге болады. Кокаинді қолданушылар паранойд болып келеді, олар миына қан құйылуынан, жүректің қысылуынан кенеттен өліп кетеді.

Алғашқы дозадан алған жақсы әсерлерді сезіну үшін кокаинді жиі және көптеп қолдану керек болады. Есірткіні алғашқыда эйфорияны сезіну үшін енгізсе, кейін тек өзін жақсы сезініп, күйзелу немесе шаршаған жағдайын кетіру үшін қолданады. Қолданудың ақыры – сандырақтауға, дем алуының бұзылуына, есінен тануына, ақырында өлімге әкеліп соғады.

**Экстази** – 1987 ж. Испанияда болған бір дискотекада «экстази» таблеткасын (метилендиоксиметиламфетамин) музыкамен біріктіруден болған эффект «ашылды». Экстази қолданғаннан кейін жеңілдік сезіледі, күш-қуаты күшейеді, көңіл көтеріп, бірнеше сағат қатарымен шаршамай билеуге болады. «Экстази» 2 сағаттан 8 сағатқа дейін әрекет етеді. «Экстазиден» қайтыс болғандардың саны көп. Ол ең қауіпті есірткі құралдарының қатарына саналып, БҰҰ-ның барлық елдерінде тыйым салынған. Осы есірткіні қолданған кезде адамның ми клеткалары, бауыры, бүйрегі бұзылады, жүйкесі бұзылады, тамырлары қысылады, ақырында өлімге әкеліп соғады.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-іс жүргізу кодекстеріне және Есірткінің заңсыз айналымы аясындағы жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтары жөніндегі кодексіне

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы әзірленіп, маусым айында қабылданды.

Бұл заң тек аса ауыр есірткі қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікке тартады, олар **ҚР ҚК-нің 250, 259, 260, 262-264 және 266** баптары бойынша белгіленеді.

Осылайша, жаңа заңға сәйкес келесі қылмыстық санкциялар қолданылуы мүмкін:

- аса ірі көлемде есірткі контрабандасы үшін – 15 жылдан 20 жылға дейін немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға; лауазымды тұлғаның қызметтік жағдайын пайдаланып, есірткіні сатқаны үшін - 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыруға;

- оқу орындарында және кәмелетке толмағандардың есірткіні сатқаны үшін – 15 жылдан 20 жылға дейін немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға;

- ұйымдасқан қылмыстық топпен есірткіні сатқаны үшін - 15 жылдан 20 жылға дейін немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға;

- кәмелетке толмағандарды, екі немесе одан да көп адамдарды, сондай-ақ күш көрсетумен есірткіні пайдалануға тартқаны үшін - 7 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыруға;

есірткіні пайдалануға тартып, соның негізінде адам өліміне әкеліп соққаны үшін - 15 жылдан 20 жылға дейін немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға;

- есірткіні пайдалану үшін притондар ұйымдастырғаны үшін – 3 жылдан 7 жылға дейін, ал қызметтік жағдайын пайдаланғаны немесе ұйымдасқан топпен ұйымдастырғаны үшін 7 жылдан 12 жылға дейін.

Сонымен қатар, есірткі қылмысы тікелей заңсыз табыс табумен байланысты болғандықтан, осындай қылмыстың әрбір құрамы үшін мүліктерін міндетті түрде тәркілеу енгізілген.[2]

**Қорытынды:** Қазақстанда жастар арасындағы нашақорлық – күрделі әрі көпқырлы мәселе. Оны шешу үшін тек құқық қорғау органдары мен медициналық мекемелердің күш-жігері жеткіліксіз. Бұл мәселені шешу үшін жастардың психологиялық және әлеуметтік қолдауға қолжетімділігін арттырып, олардың бос уақытын тиімді пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту, сондай-ақ қоғамдағы нашақорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру маңызды.

Жалпы алғанда, нашақорлықпен күресу үшін мемлекет, отбасы, білім беру мекемелері және азаматтық қоғам бірлесе әрекет етуі қажет.

#### **Ұсыныстар:**

1. Алдын алу шаралары: Жастарға есірткі заттарының зияны туралы кешенді ақпарат беру маңызды. Мектептерде және жоғары оқу орындарында есірткіге қарсы бағдарламалар енгізіліп, жастардың бос уақытын тиімді пайдалануға арналған спорттық және мәдени іс-шаралар көбейтілуі керек.

2. Медициналық көмек: Нашақорлыққа ұшыраған жастарға медициналық және психологиялық көмек көрсету жүйесін жетілдіру

қажет. Нашақорлықтан емделу бағдарламаларының қолжетімділігін арттырып, емделгеннен кейінгі әлеуметтік бейімделуге назар аудару керек.

3. Заңды қатаңдату: Есірткі саудасына қарсы заңдарды қатаңдатып, синтетикалық есірткілерді өндіру және таратумен айналысатын тұлғаларға қарсы қатаң шаралар қолдану маңызды.

4. Интернеттегі есірткі саудасымен күрес: Интернеттегі есірткі сатумен айналысатын тұлғаларды анықтау және оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін арнайы киберқызметтерді дамыту қажет.

5. Отбасымен жұмыс: Ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын күшейту керек. Жастар арасындағы нашақорлықтың алдын алуда отбасының рөлі үлкен, сондықтан ата-аналарға нашақорлықтың белгілерін тануға және алдын алу шараларын қолдануға көмектесу маңызды.

### **Қолданылған әдебиеттер мен сілтемелер:**

1. <https://www.jsk.kz>
2. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>